

2 БЛОК. ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАН (XVIII - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

3.1 Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан - 2 сағат

Жоспар:

1. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты (1771 – 1781 жж.)
2. Қазақстандағы отарлық дәуірінің басы
3. 1822,1824 жж. Жарғылар. Орта жүз бен Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы
4. XIX ғ. 60-90-жж.әкімшілік, сот және аграрлық реформалар
5. XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басындағы патша үкіметінің қоныстандыру саясаты
6. XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы өнеркәсіп өндірісінің пайда болуы. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі (XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басы.)
- 7.
8. **Әдістемелік нұсқау:** Бұл тақырыпты оқыту барысында студенттерге XVIII–XIX ғасырлардың Қазақстан тарихында терең өзгерістер кезеңі болғанын түсіндіру маңызды. Бұл уақыт аралығы елдің дамуының болашақ бағытын анықтаған тарихи кезең болып табылады.

Ең бірінші назар аудару қажет аспект — Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрес. Бұл күрес қазақ жерлерінің тұтастығын сақтауда шешуші рөл атқарды, ал Абылайхан халықты сыртқы қауіп қатермен ішкі бөлінушілік жағдайында біріктіре алған ұлттық элитаның символы болды.

Отаршылдыққа қарсы күрес дәуірінің басталуына ерекше назар аудару керек. 1822 және 1824 жылғы жарлықтар арқылы Кіші және Орта жүздердегі хандық билік жойылды. Бұл дәстүрлі мемлекеттік формаларының жоғалуын және Қазақстанның Ресей империясының әкімшілік-саяси жүйесіне біртіндеп қосылуын білдіреді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әкімшілік, сот және аграрлық реформалар империялық бақылауды күшейтіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын өзгертті, ал қоныстандыру саясаты жер мәселесін ушықтырып, халық арасында әлеуметтік шиеленістерге әкелді.

Сонымен қатар, бұл кезең тек тәуелсіздіктің жоғалу уақыты ғана емес, модернизация дәуірі болып табылғанын ерекше атап өту қажет. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында Қазақстанда өндіріс орындары пайда бола бастады, сауда байланыстары күшейді, капиталистік шаруашылық жүйесі тарай бастады.

Студенттерге кезеңнің екіжақты сипатын көрсету маңызды: бір жағынан – Қазақстанның Ресей империясының саяси және экономикалық жүйесіне интеграциясы, екінші жағынан – ұлттық бірегейліктің сақталуы және нығаюы, тәуелсіздікке ұмтылыс пен мәдени дәстүрлерді сақтау арқылы көрінді. Бұл көзқарас кейінгі қоғамдық-саяси қозғалыстардың себептерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Реферат тақырыптары:

1. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі.
2. Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің тарихтағы ерліктері.
3. Абылай хан: қазақ жүздерін біріктіру саясаты.
4. Империялық ықпалдың әсерімен Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістер

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 - том. – Алматы: «Атамұра», 1998. - 640 б.
2. Кумеков Б.Е. Государство кимаков в IX-XI вв. – Алма-Ата, Наука, 1972. – 695 с.

3. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
4. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. Астана: Астана Даму, 2006. – 256 с.
5. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004. – 368 с.
6. История Казахстана. – Алматы, Алматы кітап, 2016. – 458 б.